**10-сынып**

**1-тапсырма**. **Аудиомәтінді тыңдап, берілген нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдаңыздар.**

**1. Мәтін бойынша, ежелден қазақтар кімді қадірлеген?**
a) жолаушыны
b) басқа ұлтты
c) немерелерді
**d) көршіні**

**2. Қазақтар қандай қасиетті ерекше дәріптеген?**
a) жалқаулық
b) парасаттылық
**c) еңбекқорлық**
d) батылдық

**3. Бұл мәтінде қандай жоба туралы баяндалады?**
a) «Елдің күші – бақытты жастар»
b) «Елдің күші – бақытты көршілер»
**c) «Елдің күші – бақытты отбасы»**
d) «Елдің күші – бақытты қызметкер»

**4. Жобаға кімдер қатысады?**
a) оқушылар, ұстаздар, басшылар
**b) ата-ана, балалары, көршілер**
c) көршілер, қызметкерлер, басшылар
d) мұғалімдер, көршілер, балалар

**5. Жобаның негізгі мақсаты не?**
a) ата-ана, балалар, көршілерді мәдени үндестікке шақыру
b) ата-ана, балалар, көршілерді адами үндестікке шақыру
**c) ата-ана, балалар, көршілерді рухани үндестікке шақыру**
d) ата-ана, балалар, көршілерді тарихи үндестікке шақыру

**6. Мәтінде қандай халық мақалы аталды?**
a) «Балалардың көңілі – айпадта, аналардың көңілі – айфонда»
b) «Баланың көңілі – анада, ананың көңілі – айфонда»
c) «Баланың көңілі – анада, ананың көңілі – далада»
**d) «Ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада»**

**7. Көршісін ерекше сыйлағандығы қазақтың қай мақалынан көрінеді?**
a) «Ауласы бірдің ауасы бір»
b) «Қадіріңді білгің келсе, көршіңнен қарыз сұра»
**c) «Көрші хақысы – тәңір ақысы»**
d) «Көршілестің тауығы қаз болып көрінеді»

**8. Бұл шара неге үндейді?**
a) Көршілерді бір-бірінен алыс ұстауға
**b) Көршілерді бір-бірімен танысып, араласуға**
c) Көршілерді бір-бірін тексеріп тұруға
d) Көршілерді бір-бірінен қарыз сұрап тұруға

**9. Сөйлемді аяқтаңыз:** ***Қазақстан халқы бай әрі бақытты өмір сүретін елге айналу үшін...***

**10. Мәтіннің мазмұнына сай келетін сөйлемді таңдаңыз.**
a) Мәтіндегі шара Қазақстанның солтүстігінде, шығысында, оңтүстік шығысында жүзеге асты.
**b) Мәтіндегі шара Қазақстанның солтүстігінде, батысында, оңтүстік шығысында жүзеге асты.**
c) Мәтіндегі шара Қазақстанның солтүстігінде, оңтүстігінде, оңтүстік шығысында жүзеге асты.
d) Мәтіндегі шара Қазақстанның батысында, шығысында, оңтүстік шығысында жүзеге асты.

**2-тапсырма**. **Аудиомәтінді тыңдап, берілген нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдаңыздар.**

**1. Бұл диалог кімнің арасында өтіп жатыр?**
a) екі жолаушы арасында
b) жолаушы мен ұшқыш арасында
**c) жолаушы мен әуе серігі арасында**
d) жолаушы мен ұшақ командирі арасында

**2. Ұшақта жолаушылар не білуі тиіс?**
a) ұшақ жүргізу ережелерін
**b) ұшақта өзін ұстау ережелерін**
c) ұшақта тәртіп бұзу ережелерін
d) ұшақты тоқтату ережелерін

**3. Ұшу барысында не істеуге болмайды?**
a) арқан тартуға
**b) темекі тартуға**
c) домбыра тартуға
d) ұйықтауға

**4. Жолаушы нені ілгектеуі керек?**
a) белдемше
b) белорта
c) белдік
d) қалтасын

**5. Жолаушы тағы ненің көмегімен қауіпсіздік сақтай алады?**
a) күртеше
**b) кеудеше**
c) көйлекше
d) шалбар

**6. Әуе жолаушылары қандай құралдарды пайдалана білуі тиіс ?**
a) апаттық-сақтау
b) апаттық-қалдыру
**c) апаттық-құтқару**
d) апаттық-апару

**7. Өзін-өзі құтқара білу үшін жолаушы немен таныс болуы керек?**
a) жолда жүру ережелерімен
b) жолаушылар талаптарымен
c) жүргізу талаптарымен
d) **қауіпсіздік нұсқауларымен**

**8. Ұшақтағы жолаушылар неден қорыққан?**
a) тарлықтан
**b) биіктіктен**
c) ауа жоқтығынан
d) кісі көптігінен

**9. Мәтінде қандай синоним сөздер кездеседі?**
a) темекі, шылым
b) қажетті, жоқ
c) биік, төмен
**d) ыңғайлы, жайғасып**

**10. Бұл рейс қай уақытта болған?**
a) таңғы
**b) кешкі**
c) күндізгі
d) түскі